

СӨЖ

Отандық инклюзивті білім берудің дамуы

Орындаған: Қырғызбай А.Қ.


Г-31

Қабылдаған: Какина Д.Ш.

Инклюзивті білім беру – білім
барлық балаларға.

Инклюзивті оқыту – мүгедек пен
дені сау балалармен бірге олардың
әлеуметтендіру және интеграция
процестерін жеңілдету
мақсатындағы бірлескен оқыту.

Отандық арнайы білім беру жүйесінің даму тарихын талдау көрсеткендей, өткен ғасырдың 70 жылдарына дейін кемтар балаларды оқыту мен тәрбиелеу, оларды түзету мен бейімдеу мәселелеріне арналған ғылыми жұмыстар өткізілмеді, оның негізгі себептерінің бірі республикада дефектолог мамандар дайындау сол кезге дейін ұйымдаспаған.



1962-1963 оқу жылынан бастап Қазақстан түлектеріне Киев, Мәскеу, Ленинградтағы педагогикалық институттарында дефектология факультетіне түсу үшін арнайы орындар бөлінген. Бірақ бұл шара отандық арнайы мекемелердегі мамандарды толығымен қамтамасыз етпеді, өйткені жоғарыда айтылғандай, сол жылдары арнайы мектептер белсенді

80- шы жылдары психология саласында психикалық дамуы тежелген балаларды зерттеу жұмыстары көптеген нәтижелер көрсетті. Нақты М.Ш. Адилова кіші мектеп жасындағы ПДТ балалардын психомоторикалық ерекшеліктерін зерттеген, бұл еңбектің психомоториканы дамыту мен түзету теориясы мен тәжірибесіне практикалық маңызы зор.





Дефектология ғылымының дамуы Ж.И. Намазбаеваның кемтар баланың тұлғасын зерттеу жұмыстарынан басталған. 1971 жылдары ақыл-ойы кемтар балалардың өзін езі бағалау тұлғалық ерекшеліктерін зерттеген, кейін бұл бағыттағы жұмыс жалғасып, 1986 жылы психология ғылымының докторлық диссертациясында дәлелденген.

Өз елімізде дефектолог мамандарды даярлауды ең алғаш Абай атындағы Қазақ педагогикалық институтында бастаған. 1976-1977 жылы бөлім, кейін дефектология факультеті қазақстандық арнайы білім беру жүйесіне дефектолог мамандарды оқыту тәжірибесінің іргетасын қалаған. ҚазПИ-дің дефектология факультетін ашуға белседі қатысып, дамуына 202 еңбекетерін аямаған озат дефектолог-ғалымдар: Намазбасва Ж.И., Сүлейменова Р.А., Өмірбекова Қ.Қ., Бектаева К.Ж, Буфетов Н.М. т.б.

Кемтар балалардың тұлғалық қасиеттерін зерттеу жұмыстары кейін де Ж.И. Намазбаеваның жетекшілігімен жалғасып, бірталай ғылыми еңбектер жүргізіліп, арнайы психологияны қызықты деректермен толықтырған Мысалы, Сарсенбаева Л.О. көмекші мектеп оқушыларының тұлғалық бағытын зерттеген, Макина Л.Х. ақыл-ойы кемтар балалардың тұлға аралық қарым-қатынас ерекшеліктерін зерттеу жұмысын жүргізген т.б. (Шарапиева А.Д., Исакова М.С.)



Ж.И.

Намазбаева



Шарапиева А.






Ең алғаш қазақ кемтар балалардың ерекшеліктерін ғылыми зерттеулері тәуелсіздіктен кейін жүре бастады. А.Н. Аутаева естуінде ауытқуы бар балалардың дыбыс айтуын қалыптастыру ерекшеліктерін зерттеген. Бұл отандық естуінде ауытқуы бар балаларды оқыту мен тәрбиелеу саласындағы алғаш ғылыми жұмыс.

1992 жылы Республикалық "Ақыл -ой және дене дамуында кемістігі бар балалармен жасөспірімдерді элеуметтік бейімдеу еңбекпен оңалту" ғылыми -тәжірибелік орталықтың ашылуы ғылыми зерттеулерді белсенді өткізуді талап етті. Арнайы білім беру саласындағы жаңа өзгерістер, шетел тәжірибесімен танысу өзекті мәселелерді шешуге мүмкіндік тудырды.

Арнайы білім беруде жаңа технологиялардың еңгізудің көрінісі, А.Т. Баймұратованың мүмкіндіктері шектеулі балаларға түзету жұмысында лекотека технологиясын әзірлеу жұмысы. Бұл ғылыми еңбектің нәтижесінде ӘБЕО орталығында лекотека бөлімі ашылып, кемтар балаларға түзету көмегін кеңейтуге мүмкіндік берді.

XXI ғысырдың басында елімізде кемтар балалардың саңы өсіп, мамандарды сол себептен туындаған мәселерге көңіл аударуға мәжбүр етті. Мүмкіндіктері шектеулі балалардың барлығына арнайы білім беру, түзету-педагогикалық қолдау өзекті проблемалардың бірі. Бұл күрделі жағдайдын жолын табу бағытында, Р.А. Сүлейменова ғылыми жұмысын арнайы білім беруді әлі зерттелмеген мәселеге арнаған. Бұл еңбектің нәтижесінде 2001 жылы кемтар балаларға ерте жастан түзету-педагогикалық көмек көрсету жүйесімен оның моделі әзірленген. Аталмыш жұмысында ерте жастағы балалардың психофизиологиялық ауытқушылықтарын скринингтен өткізу технологиясы мен әдіснамалық негіздері дәлелденген. Р.А. Сүлейменованың жетекшілігімен қазіргі арнайы білім берудегі ғылыми зерттеулер белсенді атқарылып жатыр. 2002 жылы А.Қ. Ерсарина дамуында ауықушылықтары бар балапарды ерте жастан анықтау, кеңес берудің психологиялық ерекшеліктерін зерттеумен айналасып, қажетті әдістемелік нұсқау, құралдарды мамандарға ұсынған. Сонымен бірге, кемтар балаларға ерте жастан көмек көрсету саласындағы А.Қ. Жалмухамедованың мүмкіндіктері шектеулі балаларды ерте жастан білім беруге қосудың ұйымдастырушы-әдістемелік негіздерін анықтаған, зерттеген еңбегін айту қажет.



Абай атындағы Қазақ Ұлттық педагогикалық университеті "Арнайы педагогика" кафедрасының оқытушылары, магистранттармен ізденушілері арнайы білім берудің өзекті мәселерімен айналысып жатыр. Ғ. А. Абаеваның қазақ фольклоры негізінде нашар көретін балалардың байланысты сейпеуін калыптастыруды зерттеу жұмысы арнайы білім беру ұйымдарының оқу-тәрбие процесінде әдістеме ретінде пайдалануға мүмкіндік береді. Қазақ ұлттық ойындарын мектеп жасына дейінгі баталармен жүргізілетін логопедиялық жұмыста колдаудың педагогикалық шарттарын өз еңбегінде зерттеген Г.С. Оразаева. Бұл жұмыс қазақ халық ойындарын логопедиялық түзету жұмысында пайдалану жолдарын ашып көрсетті.

Қазіргі уақытта отандық арнайы білім беруде мүмкіндіктері шектеулі балаларды оқыту, тәрбиелеу, түзету, дамыту мен бейімдеу қоғамға қосу проблемаларын жаң-жақты зерттеу жұмыстары белсенді барлық арнайы білім беру ұйымдарында, Абай атындағы ҚазҰПУ-ті "Арнайы педагогика" кафедрасында, ТП ҰҒТО -да, атқарылып жатыр.





Қазіргі уақытта кемтар балалар толығымен арнайы оқытумен қамтылмағаны анық. Ауыр мәселенің бірі мектеп жасына дейінгі дамуында ауыр ауытқушылықтары бар балаларды арнайы оқыту мен тәрбиелеу. Бұл балалар түзету педагогикалық қолдаусыз көбінесе денсаулық сақтау және әлеуметтік қорғау министрліктерінің қармағындағы мекемелерде тәрбиеленеді. Бұл жағдайды шешу мақсатында Б.С. Халыкова ізденіп, оңалту орталығында мүмкіндіктері шектеулі балаларға кешенді түзету көмек көрсету негіздерін зерттеген. Бұл жұмыстын практикалық маңызы зор, өйткені арнайы білім беру жүйесінде жаңа үлгідегі арнайы білім беру ұйымы әзірленген.

Қоғамдағы қазіргі өзгерістер арнайы мектеп түлектерінің әлеуметтік-педагогикалық бейімделуіне деген жоғары талаптарды білдіреді. Сол себепті Қ,А, Қаткеновтің осы мәселені шешуге арналған ғылыми жұмыстың да

**Назарларыңызға
рахмет!**